

"Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/267 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 21 шілдедегі № 233 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 23 шілдеде № 21005 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/267 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11702 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2020 жылғы 21 шілдедегі
№ 233 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 4-3/267 бұйрығымен
бекітілген

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары

арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10 бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды (бұдан әрі – машиналар) мемлекеттік тіркеу тәртібін және "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), тіркеу есебінен алу және олар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйе – "E-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі" ақпараттық жүйесінің "Ауыл шаруашылығы техникасын мемлекеттік тіркеу" кіші жүйесінде машиналар және оларды иеленушілер туралы мәліметтерді орталықтандырылған есепке алуды қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ұйымдастырылып, ретке келтірілген жиынтығы;

2) машиналарды бастапқы тіркеу – Қазақстан Республикасының аумағында алғаш жүзеге асырылатын машиналарды мемлекеттік тіркеу.

Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген машиналарды мемлекеттік тіркеу машиналарды бастапқы тіркеу болып табылмайды;

3) машиналарды есептен алу – машиналарды жоғалтумен, басқа адамға иеліктен шығарумен, сондай-ақ кәдеге жаратумен немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты болуға әкетумен байланысты машиналарды мемлекеттік тіркеуді тоқтатуға қатысты іс-қимылдар;

4) машиналарды иеленуші – өзіне тиесілі меншік немесе уақытша иемдену және тұтыну құқығы негізінде ағымдағы уақыт кезеңінде машинаны іс жүзінде иеленуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

5) машина иесі – өзіне тиесілі машинаны өз қалауы бойынша иеленуге, пайдалануға және билік етуге құқығы бар жеке немесе заңды тұлға;

6) машиналарды қайта тіркеу – тиісті құқықтық негіздер болған кезде машинаның тіркеу деректеріне және тіркеу құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

7) машиналарды мемлекеттік тіркеу, оның ішінде машиналарды бастапқы тіркеу – тіркеу пункттерінің машиналарды тіркеу, машиналардың жол қозғалысына қатысуына рұқсат етілгенін растайтын мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін (бұдан әрі – нөмірлік белгі) және тіркеу құжаттарын беру жөніндегі қызметі (бұдан әрі – машиналарды тіркеу);

8) машиналарды тіркеудің электрондық тізілімі – ақпараттық жүйеде көрініс тапқан машина, меншік иесі, иеленуші, нөмірлік белгі, техникалық паспорт, қайта тіркеу, машиналарды тіркеу есебінен алу туралы мәліметтерді қамтитын мәліметтер жиынтығы;

9) нөмірлік агрегат – зауыттық тіркеу нөмірі бар машинаның негізгі құрамдас торабы (шасси, қаңқа);

10) өтімділігі жоғары арнайы машиналар – ең жоғары конструкциялық жылдамдығы сағатына елу және елу километрден аз квадроциклдер және қаршаналар;

11) сәйкестік сертификаты – өнімнің, көрсетілетін қызметтің Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 20 шілдедегі № 60 шешімімен бекітілген "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен оларға арналған тіркемелердің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің (бұдан әрі – техникалық регламент) 6-бабында белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат;

12) тіркеу құжаты – көрсетілетін қызметті беруші беретін, машинаға арналған ресми құжат болып табылатын, машинаның жол қозғалысына қатысуына және пайдаланылуына рұқсат етілгенін растайтын осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық паспорт;

13) тіркеу іс-қимылдары – тіркеу пункттерінің ақпараттық жүйеге өзгерістер енгізе отырып, машиналарды тіркеуді, уақытша тіркеуді, қайта тіркеуді, тіркеу есебінен алуды жүзеге асырумен байланысты қызметі;

14) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиыны.

4. Мемлекеттік қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші)) көрсетеді.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Тракторларды және

олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), тіркеу есебінен алу және олар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында баяндалған.

6. Машиналарды тіркеу іс-қимылдары туралы мәліметтер жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тіркеу құжаттарын бергенге дейін ақпараттық жүйеге енгізіледі, сондай-ақ осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша машиналарды тіркеудің электрондық тізілімі қалыптасады.

7. Машиналарды иеленушілер машиналар өздерінің меншігіне (иелігіне) түскен, өздерінің меншігінен (иелігінен) шығарылған не машиналарды тіркеу (қайта тіркеу), тіркеу (қайта тіркеу) немесе тіркеу есебінен алу қажеттігіне әкеп соқтыратын міндеттемелер туындаған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде машиналарды тіркеу (қайта тіркеу) немесе тіркеуден шығару үшін осы Қағидаларда белгіленген іс-қимылдарды жасайды.

8. Осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген, басқа тілдерде толтырылған құжаттар тіркеу іс-қимылдарын жүргізу үшін мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылған және бір тілден екінші тілге аударманың дұрыстығын нотариустың не аударманың дұрыстығын куәландыру жөніндегі іс-қимылдарды жасауға құқығы бар басқа лауазымды адамның қолымен расталған күйінде ұсынылады.

9. Машиналарды тіркеу (қайта тіркеу) үшін берілген құжаттар:

1) олардың толтырылған күнін;

2) олардың толтырылған орнын;

3) машина туралы мәліметтерді (маркасы, моделі, шығарылған жылы, машинаның зауыттық нөмірлері);

4) өкілеттілігі мөрмен расталатын уәкілетті адамдардың (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда) қолын қамтиды.

10. Қазақстан Республикасына әкелінетін, шетелдік тауар болып табылатын машиналар кедендік декларациялаудан және кедендік тазартудан өткеннен кейін тіркеледі.

Қазақстан Республикасына әкелінетін, Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) тауары болып табылатын машиналар кедендік декларациялаудан және кедендік тазартудан өтпестен тіркеледі.

2-тарау. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы,

мелиорациялық және жол құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

1-параграф. Машиналарды тіркеу

11. Көрсетілетін қызметті алушылар мемлекеттік қызметті алу үшін тіркеу пунктіне (көрсетілетін қызметті берушіге) www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық нысанда немесе тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне қағаз нысанда осы Қағидалардың 12 және 36-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

12. Машиналарды тіркеуді жүзеге асыру үшін көрсетілетін қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

тіркеу пунктіне (көрсетілетін қызметті берушіге):

- 1) осы Қағидаларға 4 немесе 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесі;

4) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 553 және 615-баптарында белгіленген баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжат;

5) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 695 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12565 болып тіркелген) бекітілген өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тізбесіне (бұдан әрі – тізбе) енгізілген машиналарды бастапқы тіркеу кезінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерді орындағанын растайтын құжат;

б) машинаға меншік құқығын растайтын құжаттар, оларға мыналар жатады:

азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар;

сот куәландырған сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының орындалуға жататын мемлекеттік органның іс-қимылдары туралы хабарламасының көшірмесі қоса берілген атқару парағы;

кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттар (Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік декларация, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері әкету туралы міндеттеме);

7) жаңа және жеке техникалық шығармашылық нәтижесі болып табылатын немесе Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген машиналарға арналған Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификаты немесе олардың техникалық регламенттің 6-бабына сәйкестігін растайтын басқа да құжат.

порталға:

1) осы Қағидаларға 4 немесе 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) тізбеге енгізілген машиналарды бастапқы тіркеу кезінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерді орындағанын растайтын электрондық құжаттар;

3) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі, ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда;

4) машинаға меншік құқығын растайтын құжаттар, оларға мыналар жатады:

азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар;

сот куәландырған сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының орындалуға жататын мемлекеттік органның іс-қимылдары туралы хабарламасының көшірмесі қоса берілген атқару парағы;

кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттар (ЕАЭО елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік декларация, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері әкету туралы міндеттеме);

5) жаңа және жеке техникалық шығармашылық нәтижесі болып табылатын немесе Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген машиналарға арналған Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификаты немесе олардың техникалық регламенттің 6-бабына сәйкестігін растайтын басқа да құжат.

Ескертпе: * "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заңды тұлғалар туралы заң) күшіне енгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлға қызметін тоқтатқанға дейін жарамды болады.

Машинаны бастапқы тіркеу жағдайларында: көрсетілетін қызметті алушыларға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес машиналарды қарап-тексеру бойынша фотоматериалдар ұсынуға арналған өлшемшарттарға сәйкес тіркелетін машинаны (Қазақстан Республикасының аумағында машиналарды өндірушінің ресми дилерінен (өкілінен) сатып алынған машиналарды қоспағанда) қарап-тексеру фотоматериалдары (қарап-тексерілетін машинаның зерттеу объектісін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін түрлері қамтылған) ұсынылады.

Өкілдер тіркеу іс-қимылдарын меншік иесінің немесе иеленушінің атынан жүзеге асырған жағдайда, осы тармақта белгіленген құжаттардан басқа тіркеу пунктіне (көрсетілген қызметті берушіге) меншік иесінің немесе иеленушінің мүдделерін білдіру өкілеттігін куәландыратын құжаттар ұсынылады.

Егер, бұрын Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуде болған машина мемлекеттік тіркеуге жататын болса, онда осы тармақта белгіленген құжаттардан басқа, тіркеу пунктіне (көрсетілген қызметті берушіге) бұрынғы тіркеу құжаты ұсынылады, алайда аталған құжатты ұсынбау мемлекеттік тіркеуді жүргізуден бас тарту үшін негіз болып табылмайды.

Машиналарды тіркеуді қоса алғанда, тіркеу іс-қимылдарын жүзеге асырған жағдайда, меншік иелері болып табылмайтын адамдарға иелік ету құқығын растайтын мынадай құжаттар ұсынылады:

шарт (жалдау, қосалқы жалдау, лизинг, қосалқы лизинг, кепілзат) және машинаны қабылдау-тапсыру актісі;

меншік иесі қол қойған (жеке тұлғалар үшін), заңды тұлғаның бірінші басшысы қол қойған (заңды тұлғалар үшін) машина иесінің тиісті тіркеу іс-қимылдарын жасауға жазбаша келісімі.

Егер, тіркеу іс-қимылдары жасалатын машина ортақ меншікте болса, онда тіркеу құжаттарында барлық меншік иелері көрсетіледі және барлық құжаттар машинаның барлық иелерінің атынан беріледі. Нотариат куәландырған мәміле жеке тұлғалардың ортақ меншігін иеліктен шығару үшін негіз болып табылады.

Меншік иелері 14 жасқа жетпеген кәмелетке толмаған азаматтар болып табылған жағдайда, олардың атынан тіркеу іс-қимылдарын ата-аналары (асырап алушылары) немесе қорғаншылық және қамқоршылық органдары туу туралы куәлік ұсына отырып жасайды.

Меншік иелері 14 жастан 18 жасқа дейінгі адамдар болып табылған жағдайда, тіркеу іс-қимылдарын осы адамдар ата-аналарының (асырап алушыларының) немесе қорғаншылық және қамқоршылық органдарының жазбаша келісімімен туу туралы куәлік ұсына отырып жасайды.

Заңды және жеке тұлғалар машиналарды аукциондар мен сауда биржалары арқылы сатып алған жағдайда: уәкілетті адамдардың қолдарымен аукцион хаттамасы мен сатып алу-сату шарты ұсынылады.

13. Өтінішті қағаз түрінде тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) арқылы берген кезде:

1) тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) кеңсесінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді жүзеге асырады және құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақытын өтініштің көшірмесінде көрсете отырып, құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы белгімен өтініштің қабылданғанын растайды және тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысына жібереді;

2) тіркеу пунктiнiң (көрсетiлетiн қызметтi берушiнiң) басшысы құжаттарды қарастырады және тіркеу пунктiнiң (көрсетiлетiн қызметтi берушiнiң) жауапты орындаушысына (бұдан әрi – инженер-инспектор) орындау үшiн жiбередi.

3) инженер-инспектор тіркеу iс-қимылдарын жүргізедi және деректердi ақпараттық жүйеге енгізедi және мемлекеттiк қызметтi көрсету нәтижесiнiң жобасын дайындайды және қол қою үшiн тіркеу пунктiнiң (көрсетiлетiн қызметтi берушiнiң) басшысына жолдайды;

4) тіркеу пунктiнiң (көрсетiлетiн қызметтi берушiнiң) басшысы мемлекеттiк қызметтi көрсету нәтижесiне қол қояды және тіркеу пунктi (көрсетiлетiн қызметтi берушi) кеңсесiнiң қызметкерiне жолдайды;

5) тіркеу пунктi (көрсетiлетiн қызметтi берушi) кеңсесiнiң қызметкерi көрсетiлетiн қызметтi алушыға тіркеу құжатын (телнұсқасын) және (немесе) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттiк қызметтi көрсетуден бас тарту туралы уәждi жауап бередi;

Өтiнiштi портал арқылы электрондық түрде берген кезде:

1) көрсетiлетiн қызметтi алушының "жеке кабинетiнде" мемлекеттiк қызметтi көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе көрсетiледi;

2) инженер-инспектор портал арқылы келiп түскен құжаттарды қарастырады, мемлекеттiк қызметтi көрсету нәтижесiн дайындайды және қол қою үшiн тіркеу пунктiнiң (көрсетiлетiн қызметтi берушiнiң) басшысына жолдайды;

3) көрсетiлетiн қызметтi алушыға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беру уақыты мен орнын көрсете отырып, тіркеу құжатының (телнұсқаның) және (немесе) нөмiрлiк белгiлердiң дайын болғаны туралы хабарлама не осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттiк қызметтi көрсетуден бас тарту туралы уәждi жауап жiбередi.

14. Мемлекеттiк қызметтi көрсетуден бас тартуға мыналар негiз болып табылады:

1) мемлекеттiк көрсетiлетiн қызметтi алу үшiн көрсетiлетiн қызметтi алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердiң (мәлiметтердiң) дұрыс еместiгiнiң анықталуы;

2) көрсетiлетiн қызметтi алушының және (немесе) мемлекеттiк қызмет көрсетуге қажеттi материалдардың, объектiлердiң, деректер мен мәлiметтердiң осы Қағидаларда белгiленген талаптарға сәйкес келмеуi;

3) көрсетiлетiн қызметтi алушыға қатысты белгiлi бiр мемлекеттiк қызметтi алуды талап ететiн қызметке немесе қызметтiң жекелеген түрлерiне тыйым салу туралы заңды күшiне енген сот шешiмiнiң (үкiмiнiң) болуы;

4) көрсетiлетiн қызметтi алушыға қатысты заңды күшiне енген сот шешiмiнiң болуы , оның негiзiнде көрсетiлетiн қызметтi алушы мемлекеттiк қызметтi алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған болуы.

15. Тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетуді мониторингтеудің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Портал мен ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Тіркеу іс-қимылы және тіркеу құжатын (телнұсқасын) және машиналарға арналған нөмірлік белгіні беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) ақпараттық жүйе операторын (бұдан әрі – оператор) дереу хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор еркін нысанда техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оған тіркеу пунктіне (көрсетілетін қызметті берушіге) қол қойдырады.

16. Тіркелген машиналарға тіркеу пункті (көрсетілетін қызмет беруші) "Механикалық көлік құралдарының жекелеген түрлеріне және олардың тіркемелеріне арналған жарықты шағылыстыратын жабыны бар мемлекеттік тіркеу белгілері" 1176-2010 ҚР СТ Қазақстан Республикасының ұлттық стандарт талаптарына сәйкес дайындалған тиісті үлгідегі техникалық паспорттар мен нөмірлік белгі береді. Бір машинаға бір нөмірлік белгі беріледі.

Бұл ретте техникалық паспорттар бланкілерінің сериясында және нөмірлік белгілерде қолданылатын Қазақстан Республикасының облыстары мен қалаларының латын транскрипциясындағы әріптік белгілерінің тізбесі осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолданылады.

Тіркеу құжаттары мен машиналардың нөмірлік белгілерінің жұмсалуды сериялар мен олардың цифрлы нөмірлерінің өсу тәртібімен ақпараттық жүйеде жүргізіледі.

Келіп түсетін және шығарылатын нөмірлік белгілер мен техникалық паспорттардың саны осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нөмірлік белгілер мен техникалық паспорттардың келіп түсуін және берілуін есепке алу журналында көрсетіледі.

Нөмірлік белгілер мен техникалық паспорттардың келіп түсуін және берілуін есепке алу журналы, сондай-ақ тіркеу құжаттарының бланкілері мен нөмірлік белгілер машинаның тіркелген орны бойынша сақталады.

Толтыру кезінде бүлінген тіркеу құжаттарының бланкілері, одан әрі пайдалануға жарамсыз нөмірлік белгілер оларды қайта пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын құралдармен және тәсілдермен кәдеге жаратылады, ол туралы тиісті актілер жасалады.

Нөмірлік белгілерді қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді реттеуді тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) жүргізеді.

17. Тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) беретін тіркеу құжаты инженер-инспектордың қолымен және мөрмен куәландырылады, көрсетілетін қызметті

алушының тіркеу құжатын, сондай-ақ нөмірлік белгіні алғаны туралы ақпарат ақпараттық жүйеге енгізіледі.

18. Кепілге берілген немесе өзге де ауыртпалық салынған машиналарға қатысты тіркеу іс-қимылдары тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) кепіл ұстаушының немесе пайдасына тиісті ауыртпалық түрі берілген өзге де адамның мұндай тіркеу іс-қимылдарын жасауға жазбаша келісімі алынғаннан кейін жүргізіледі.

19. Тіркелген машиналарға жасалған тіркеу іс-қимылдары және олардың меншік иелері туралы анықтама мен басқа да жазбаша ақпарат:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың;

2) машиналар иелерінің жазбаша сұранымы негізінде беріледі.

20. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ адамдардың атына машиналарды тіркеу жалпы негіздерде жүргізіледі.

21. Жасаушы кәсіпорындардан, машина жөндеу зауыттарынан, мемлекеттік кіріс органдары мен сауда ұйымдарынан машиналарды тіркеу орнына өз жүрісімен жеткізілген, сондай-ақ тұрғылықты жерінің немесе меншік құқығының өзгеруіне байланысты тіркеуші органда тіркеуден алынған машиналарға тиісінше жасаушы кәсіпорындар, машина жөндеу зауыттары, мемлекеттік кіріс органдары, сауда ұйымдары бір рет пайдалану үшін "Транзит" нөмірлік белгілерін береді.

22. Машиналарды тіркеу кезінде "Транзит" нөмірлік белгілері алынады және машиналарды тіркеу үшін негіз болған құжаттарға тігіледі, ал оларды жоғалтқан жағдайда, мән-жайларды түсіндіре отырып, жоғалған жері мен уақыты туралы құжат ұсынылады.

23. Тіркеу құжаты және (немесе) нөмірлік белгі жоғалған, бүлінген, қолданылу мерзімі аяқталған жағдайларда тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) тіркеу құжатының телнұсқасын және (немесе) жаңа нөмірлік белгі береді.

24. Машиналарды тіркеу есебінен алынған тіркеу құжаттары мен нөмірлік белгілер жоғалған жағдайда, тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) машинаның бұрынғы тіркелген орны бойынша машиналардың тіркеу іс-қимылдары туралы мәліметтерді ақпараттық жүйе арқылы алады. Ағымдағы тіркеу бойынша ұқсас мән-жайлар болған кезде меншік иесінің түсініктемесі сұратылады және тиісті жазбалар енгізілетін ақпараттық жүйемен салыстырып тексеру жүргізіледі.

25. Тіркеу пунктіне (көрсетілген қызметті берушіге) келіп түскен, орнына телнұсқалары мен жаңа нөмірлік белгілер берілген табылған құжаттар машиналардың нөмірлік белгілері жарамсыз деп есептеледі және оларды қайта пайдаланылу мүмкіндігін болдырмайтын құралдармен және тәсілдермен кәдеге жаратылады, ол туралы тиісті актілер жасалады.

26. Машинаны меншік иесі болып табылмайтын адамдар пайдаланатын жағдайда, тіркеу құжатындағы "ерекше белгілер" деген бағанда машинаның иесі және машинаның пайдалануда болуы негізі (лизинг, жалға беру, мүліктік жалдау шарты) көрсетіледі.

27. Жасаушы зауыттардың, заңды тұлғаның жарғысы негізінде машиналар өткізуді жүзеге асыратын сауда немесе өзге де ұйымдардың өткізуге арналған және олардың жеке шаруашылық мақсаттарына пайдаланылмайтын машиналары мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

28. Машиналар жеке тұлғаларға тұрақты тұратын жері немесе уақытша тұру мерзіміне уақытша болу орны бойынша (тұрақты тіркелуі болмаған жағдайда) немесе тұрған жері бойынша мемлекеттік кіріс органында (жеке тұлға дара кәсіпкер ретінде тіркелген жағдайда) тіркеледі, заңды тұлғаларға заңды мекенжайы бойынша, заңды тұлғалардың филиалдарына, заңды тұлғаның жазбаша рұқсатымен филиалдардың орналасқан жері бойынша тіркеледі.

29. Машиналарды мемлекеттік тіркеу жалға беру, лизинг, ипотека, қарыз шарттарына сәйкес олар сенімгерлік басқаруға, шаруашылық жүргізуге берілген тұлғаларға жүргізілетін жағдайда, оларға қатысты тіркеу іс-қимылдары осы келісімдерге қатысушының (қатысушылардың) жазбаша келісімімен жүргізіледі.

30. Тіркеу пунктiнiң (көрсетiлген қызметтi берушiнiң) қызметкерлерi тіркеу іс-қимылдарын жүргізген кезде жеке басын куәландыратын құжаттар негізінде жеке тұлғалардың жеке басын анықтайды.

Жеке тұлға өкілінің өкілеттіктері нотариалды куәландырылған сенімхатпен, заңды тұлға өкілінің өкілеттіктері басшының қолымен және заңды тұлға (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда) мөрімен куәландырылған сенімхатпен расталады. 14-18 жас аралығындағы азаматтардың жеке басын анықтау олардың ата-аналарының (асырап алушыларының), қорғаншыларының (қамқоршыларының) немесе қорғаншылық және қамқоршылық органдары өкілінің қатысуымен кәмелеттік жасқа толмаған адамның туу туралы куәлігін ұсыну кезінде жүргізіледі.

31. Тіркеу пункттері (көрсетілген қызметті берушілер) жасайтын тіркеу іс-қимылдары машиналарды тіркеу орны бойынша жүргізіледі. Көрсетілген іс-қимылдарды өзге орында жүргізу туралы шешім машиналарды тіркеу орны (машинаның тіркелген орны) бойынша тіркеу пункттері (көрсетілген қызметті берушілер) мен тіркеу іс-қимылдарын жүргізу болжанатын орын (көрсетілетін қызметті алушы жүгінген) бойынша тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) арасындағы келісім бойынша қабылданады.

Тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) тіркеу іс-қимылдарын жүргізу болжанатын орын бойынша ақпараттық жүйе арқылы машинаның бұрынғы тіркелген

орны бойынша машиналардың тіркеу іс-қимылдары туралы қажетті мәліметтерді алады

Машиналарды тіркеу орны бойынша ақпараттық жүйеден мәліметтер алынғаннан кейін тіркеу іс-қимылдарын жүргізу болжанатын орын бойынша тіркеу пунктінде (көрсетілетін қызметті берушіде) қажетті тіркеу іс-қимылдары жасалады.

32. Машиналарды мемлекеттік тіркеу немесе өзге де тіркеу іс-қимылдары меншік иелері болып табылмайтын тұлғалар үшін жүргізілген жағдайда, машина тіркелген тұлғаның иелігінен машинаның шығуы не көрсетілген тұлғаның машинаны одан әрі иелену құқығынан айрылуы меншік иесінің бастамасы бойынша тиісті тіркеу іс-қимылдарын жүргізу және кейіннен машинаны меншік иесінің атына тіркеу үшін негіз болып табылады.

33. Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінен немесе республиканың шегінен тыс жерлерден 2 (екі) айдан артық мерзімге әкелінген, сондай-ақ жалға беру, лизинг, ипотека, қарыз шарттарына сәйкес сенімгерлікпен басқаруға, шаруашылық жүргізуге берілген машиналарды уақытша тіркеуді жүзеге асыру үшін көрсетілетін қызметті алушы тіркеу пунктіне (көрсетілген қызметті берушіге):

1) осы Қағидаларға 4 немесе 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) техникалық паспорттың түпнұсқасын;

3) жалдау, қосалқы жалдау, лизинг, қосалқы лизинг, сенімгерлікпен басқару, шаруашылық жүргізу, ипотека, қарыз шарттарын немесе машиналарды иелену құқығын, ал уақытша әкелінген машиналар үшін учаске немесе аумақ иесінің (иеленушінің) машиналарды уақытша тіркеуге қоюға келісімін растайтын өзге құжатты;

4) машиналарды республикадан тыс жерлерден әкелу кезінде – кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттарды (кедендік декларация, ЕАЭО елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері әкету туралы міндеттеме) ұсынады.

Машинаны алғашқы тіркеу жағдайларында: көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес машиналарды қарап-тексеру бойынша фотоматериалдар ұсынуға арналған өлшемшарттарға сай тіркелетін машинаны (Қазақстан Республикасының аумағында машиналарды өндірушінің ресми дилерінен (өкілінен) сатып алынған машиналарды қоспағанда) қарап-тексеру фотоматериалдарын (тексерілетін машинаның зерттеу объектісін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін түрлері қамтылған) ұсынады.

Машиналарды уақытша тіркеудің қолданылу мерзімі Қағидалардың осы тармағының 4) тармақшасында көрсетілген құжаттардың қолданылу мерзімдеріне сәйкес белгіленеді.

34. Машиналарды уақытша тіркеу кезінде инженер-инспектордың қолымен және мөрімен расталған машинаны уақытша тіркеу туралы анықтама беріледі және ол ақпараттық жүйеге енгізіледі.

2-параграф. Машиналарды қайта тіркеу

35. Машиналарды қайта тіркеу:

1) меншік құқығы өзгерген;

2) машиналардың ортақ меншік құқығы пайда болған, тоқтатылған және ортақ меншік иелерінің құрамы өзгерген;

3) машина иеленушінің (иесінің) ерік білдіруі бойынша машина иеленушінің (иесінің) тұрғылықты жері (занды мекенжайы) өзгерген;

4) машина тіркелген адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі өзгерген;

5) машинаны қайта жабдықтау немесе нөмірлік агрегаттарын ауыстыру, арнайы жабдық орнату және осыған ұқсас өзге де өзгерістер салдарларынан оның типі өзгерген жағдайларда жүргізіледі.

36. Машиналарды қайта тіркеуді жүзеге асыру үшін көрсетілетін қызметті алушылар мынадай құжаттарды ұсынады:

тіркеу пунктiне (көрсетiлетiн қызметтi берушiге):

меншік құқығы өзгерген немесе ортақ меншік пайда болған, тоқтатылған және машиналардың ортақ иелерінің құрамы өзгерген немесе машина иеленушінің (иесінің) тұрғылықты жері (занды мекенжайы) өзгерген жағдайларда немесе машина иеленушінің (иесінің) ерік білдіруі бойынша, машина тіркелген адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі өзгерген жағдайларда:

1) осы Қағидаларға 4 немесе 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмелері;

4) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген баждар мен алымдардың бюджетке төленгенін растайтын құжат.

Қайта жабдықтау немесе нөмірлік агрегаттарын ауыстыру, арнайы жабдық орнату және өзге де осыған ұқсас өзгерістер салдарынан машина типі өзгерген жағдайда:

1) осы Қағидаларға 4 немесе 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмелері;

4) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген баждар мен алымдардың бюджетке төленгенін растайтын құжат;

5) машинаға меншік құқығын растайтын құжаттар, оларға мыналар жатады:

азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар;

сот куәландырған сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының орындалуға жататын мемлекеттік органның іс-қимылдары туралы хабарламасының көшірмесі қоса берілген атқару парағы;

кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттар (ЕАЭО елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік декларация, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері әкету туралы міндеттеме);

порталға:

меншік құқығы өзгерген, ортақ меншік пайда болған, тоқтатылған және машиналардың ортақ меншік иелерінің құрамы өзгерген, машина иеленушінің (меншік иесінің) тұрғылықты жері (заңды мекенжайы) өзгерген жағдайларда, машина иеленушінің (меншік иесінің) ерік білдіруі бойынша, машина тіркелген адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі өзгерген жағдайларда:

1) осы Қағидаларға 4 немесе 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген баждар мен алымдардың төленгенін, ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Қайта жабдықтау немесе нөмірлік агрегаттарды ауыстыру, арнайы жабдық орнату және өзге де осыған ұқсас өзгерістер салдарынан машина типі өзгерген жағдайда:

1) осы Қағидаларға 4 немесе 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген баждар мен алымдардың төленгенін, ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

3) машинаға меншік құқығын растайтын құжаттар, оларға мыналар жатады:

азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар;

сот куәландырған сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының орындалуға жататын мемлекеттік органның іс-қимылдары туралы хабарламасының көшірмесі қоса берілген атқару парағы;

кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттар (ЕАЭО елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік декларация, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері әкету туралы міндеттеме).

Ескертпе: * Заңды тұлғалар туралы заң күшіне енгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлға қызметін тоқтатқанға дейін жарамды болады.

37. Машиналарды қайта тіркеу кезінде инженер-инспектор тіркеу құжатына және ақпараттық жүйеге тиісті жазбалар енгізеді. Тіркеу құжатындағы өзгерістер инженер-инспектордың қолымен және мөрімен куәландырылады.

38. Тораптарының және нөмірлік агрегаттарының нөмірленуінде тіркеу құжаттарымен алшақтықтары бар машиналарды қайта тіркеу тіркеу пункті (көрсетілген

қызметті беруші) қабылдаған шешімнің негізінде жүргізіледі. Бұл жағдайда, машинаның тіркеу құжатының "Ерекше белгілер" деген бөліміне инженер-инспектор көрсетілген шешімнің деректемелерін енгізеді, оның куәландырылған көшірмесі тіркеу іс-қимылдарын жүргізу негізіне тігіледі. Көрсетілетін қызметті алушылар шешімдерді жоғалтқан жағдайда, олардың көшірмелері ұсынылады.

3-параграф. Машиналарды тіркеу есебінен алу

39. Машиналарды тіркеу есебінен алу:

1) машина тіркелген адамның тұрғылықты жері (заңды мекенжайы) өзгерген (егер, жаңа тұрғылықты жер (заңды мекенжай) машинаны тіркеген тіркеу пунктінің (көрсетілген қызметті берушінің) қызмет көрсету аумағынан тыс жерде орналасса);

2) машинаға меншік құқығы тоқтатылатын;

3) машина кәдеге жаратылатын (жарамсыз етілетін, есептен шығарылатын);

4) машина Қазақстан Республикасынан тыс жерге әкетілетін жағдайларда жүргізіледі.

40. Кәдеге жаратуға (жарамсыз етуге, есептен шығаруға) жататын машиналар:

1) жеке тұлғалар осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес өтініш, тіркеу құжатын, нөмірлік белгісін;

2) заңды тұлғалар осы Қағидаларға 5-қосымшасына сәйкес өтініш, тіркеу құжатын, нөмірлік белгісін, есептен шығару актісін ұсынған кезде тіркеуден алынады. Кәдеге жаратылатын машиналарға арналған тіркеу құжаттары немесе нөмірлік белгілері болмаған жағдайда, өтініштерде оларды жоғалту мән-жайлары, орны мен уақыты көрсетіледі.

41. Машиналарды тіркеу есебінен алған кезде инженер-инспектор тіркеу құжатына және ақпараттық жүйеге тиісті жазбалар енгізеді. Тіркеу есебінен алу мән-жайлары көрсетілген тіркеу құжатындағы жазба инженер-инспектордың қолымен және мөрімен куәландырылады.

42. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шектеулер салынған машиналар тіркеуден алынбайды, оларды тіркеуден алу салынған шектеулердің алынғанын куәландыратын құжаттар ұсынылғаннан кейін жүргізіледі.

43. Сот шешімі негізінде мемлекет меншігіне берілетін машиналар тіркеу есебінен алынған жағдайларда, сот орындаушыларына, өзге де мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына осы Қағидаларда машиналар иелерінің өкілдері үшін көзделген талаптар қолданылады.

44. Нөмірлік агрегаттарының нөмірленуінде тіркеу құжаттарымен алшақтықтар бар машиналарды тіркеу есебінен алу тіркеу пункттері (көрсетілген қызметті берушілер) қабылдаған шешімдер (қорытындылар) негізінде жүргізіледі.

45. Егер, машиналар ортақ меншікте болса, тіркеу есебінен алу барлық меншік иелерінің жазбаша келісімі бойынша жүргізіледі.

46. Осы Қағидалардың 32-тармағында көзделген иеленушілердің іс-қимылдары жағдайларында, машиналар тіркеуден алынбайды.

47. Машиналарды тіркеу, тіркеуге (қайта тіркеуге) өзгерістер енгізу, тіркеуден алу, нөмірлік белгілерді, тіркеу құжаттарын беру немесе ауыстыру үшін негіз болған құжаттар ақпараттық жүйеге енгізіледі және үш жыл бойы сақталады.

3-тарау. Тіркеу пункттерінің (көрсетілетін қызметті берушінің) және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысты шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

48. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші), агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

49. Көрсетілетін қызметті алушының шағымын Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші), уәкілетті орган тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауы тиіс.

50. Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің), уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайда, он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген арыз берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

51. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Заңның 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

жүретін шассилер мен
механизмдерді, монтаждалған
арнаулы жабдығы бар
тіркемелерді қоса алғанда,
олардың тіркемелерін, өздігінен
жүретін ауылшаруашылық,
мелиорациялық және жол-
кұрылыс машиналары мен
механизмдерін, жүріп өту
мүмкіндігі жоғары арнайы
машиналарды мемлекеттік
тіркеу қағидаларына
1-қосымша
Нысан



Техникалық паспорт Технический паспорт

Техникалық паспорт

Технический паспорт

1. Жалпы мәліметтер

Общие сведения

1) Машинаның атауы және маркасы

Наименование и марка машины _____

2) Шығарушы зауыт

завод-изготовитель _____

3) Шығарылған айы және жылы

месяц и год изготовления _____

4) Машинаның зауыттық нөмірі

заводской номер машины _____

5) Қозғалтқыштың маркасы

марка двигателя _____

6) Меншік иесі/меншік иесі болып табылмайтын иеленуші және мекенжайы:

(керек емесі сызылсын)

собственник/владелец, не являющийся собственником и адрес:

(ненужное зачеркнуть)

7) Присвоен номерной знак _____ нөмірлік белгісі берілді.

8) Ерекше белгілер

особые отметки

Техникалық паспорт

Технический паспорт выдан _____ жылы (года) берілді.

(инженер-инспектор, инженер-инспектор)

(қолы, подпись)

Мөр орны

Место печати

Сериясы

серия _____ № _____

2. Машиналарды тіркеуге қабылдау және тіркеуден алу

Прием и снятие машин с регистрации

1) Снята с регистрации вследствие _____

_____ салдарынан тіркеуден алынды.

" ____ " _____ жыл (год) _____

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

2) Принята на регистрацию _____

(жаңа меншік иесінің мекенжайы, адрес нового собственника)

_____ тіркеуге қабылданды

" ____ " _____ жыл (год) _____

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

3) Снята с регистрации вследствие _____

_____ салдарынан тіркеуден алынды.

" ____ " _____ жыл (год) _____

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

4) Принята на регистрацию _____

(жаңа меншік иесінің мекенжайы, адрес нового собственника)

_____ тіркеуге қабылданды

" ____ " _____ жыл (год) _____

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

5) Снята с регистрации вследствие _____

_____ салдарынан тіркеуден шығарылды.

" ____ " _____ жыл (год) _____

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

6) Принята на регистрацию _____

(жаңа меншік иесінің мекенжайы, адрес нового собственника)

_____ тіркеуге қабылданды

" ____ " _____ жыл (год) _____

(инспектордың қолы, подпись инспектора)

Сериясы

серия _____ № _____

3. Нөмірлік белгінің өзгеруі

Изменение номерного знака

Нөмірлік белгінің берілген уақыты Дата выдачи номерного знака	Белгінің сериясы мен нөмірі Серия и номер знака	Инспектордың қолы және мөр Подпись инспектора и печать

4. Жөндеу және агрегаттарды ауыстыру туралы мәліметтер Сведения о ремонте и замене агрегатов

Жөндеудің жүргізілген уақыты Дата проведения ремонта	Жөндеулердің, ауыстырылған агрегаттардың атауы және олардың нөмірлері Наименование ремонтов, замененных агрегатов и их номера	Жөндеуге жауапты адамның қолы Подпись лица, ответственного за ремонт

Сериясы

серия _____ № _____

5. Техникалық жай-күйін қарап тексеру

Осмотры технического состояния

Күні Дата	Техникалық жай-күйі Техническое состояние	Пайдаланылуынан бастап қарап-тексеру сәтіне дейінгі ж ұ м ы с ж а с а у ы Выработка к моменту осмотра с начала эксплуатации	Инспектордың қолы Подпись инспектора

Сериясы

серия _____ № _____

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына
2-қосымша

"Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), тіркеу есебінен алу және олар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының , аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері (қол жеткізу арналары)	Жеке және заңды тұлғалардан (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өтініштерді қабылдау: 1) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал); 2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) портал арқылы – 1 жұмыс күні; 2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы – 3 жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Машиналар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және (немесе) мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін (бұдан әрі – нөмірлік белгі) беру немесе машиналарды есептен алу туралы тіркеу құжатындағы белгі немесе машинаны уақытша тіркеу туралы анықтама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік баждар мен алымдардың мөлшері: 1) машинаға тіркеу құжатын беру үшін – 0,5 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) ; 2) машинаға нөмірлік белгі беру үшін – 1 АЕК; 3) тіркеу (қайта тіркеу) үшін – 0,25 АЕК. Порталда мемлекеттік баждар мен алымдарды төлеу "электрондық үкімет" порталының төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүргізіледі.
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушіде – 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі. 2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: 1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында; 2) мемлекеттік органдар интернет-ресурстарының https://beta.egov.kz бірыңғай платформасында орналасқан.
		1. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жүгінген кезде: машиналарды тіркеу кезінде: 1) өтініш; 2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін); 3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмелері; 4) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 553 және 615-баптарында белгіленген баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжат; 5) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 695 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12565 болып тіркелген) бекітілген өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімдердің (тауарлардың) тізбесіне (бұдан әрі – тізбе) енгізілген машиналарды бастапқы тіркеу кезінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерді орындағанын растайтын құжат; 6) машинаға меншік құқығын растайтын құжаттар: азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар; сот куәландырған сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының орындалуға жататын мемлекеттік органның іс-қимылдары туралы хабарламасының көшірмесі қоса берілген атқару парағы; кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттар (Еуразиялық

экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік декларация, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері әкету туралы міндеттеме); 7) жаңа және жеке техникалық шығармашылық нәтижесі болып табылатын немесе Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген машиналарға арналған Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификаты немесе олардың Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 20 шілдедегі № 60 шешімімен бекітілген "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторларының және оларға арналған тіркемелердің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің (бұдан әрі – техникалық регламент) 6-бабына сәйкестігін растайтын басқа да құжат; машиналарды қайта тіркеу кезінде: меншік құқығы өзгерген немесе ортақ меншік пайда болған, тоқтатылған және машиналардың ортақ иелерінің құрамы өзгерген немесе машина иеленушінің (иесінің) тұрғылықты жері (заңды мекенжайы) өзгерген жағдайларда немесе машина иеленушінің (иесінің) ерік білдіруі бойынша, машина тіркелген адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі өзгерген жағдайларда:

1) өтініш;

2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмелері;

4) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген баждар мен алымдардың бюджетке төленгенін растайтын құжат. Қайта жабдықтау немесе нөмірлік агрегаттарын ауыстыру, арнайы жабдық орнату және өзге де осыған ұқсас өзгерістер салдарынан машина типі өзгерген жағдайда:

1) өтініш;

2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмелері;

4) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген баждар мен алымдардың бюджетке төленгенін растайтын құжат;

5) машинаға меншік құқығын растайтын құжаттар, оларға мыналар жатады: азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар; сот куәландырған сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының орындалуға жататын мемлекеттік органның іс-қимылдары туралы хабарламасының көшірмесі қоса берілген атқару парағы; кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттар (ЕАЭО елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік декларация, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері әкету туралы міндеттеме); машиналарды тіркеу есебінен шығару кезінде (кәдеге жаратудан, жарамсыз деп танудан, есептен шығарудан, машинаны қызмет көрсетілетін аумақтан тыс жерге көшіруден басқа, сондай-ақ машинаны иеліктен шығару жөніндегі мәміленің алдындағы іс-қимылдар жағдайында):

1) өтініш;

2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмелері;

4) машинаға меншік құқығын растайтын құжаттар, оларға мыналар жатады:

азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар; сот куәландырған сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының орындалуға жататын мемлекеттік органның іс-қимылдары туралы хабарламасының көшірмесі қоса берілген атқару парағы; кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттар (ЕАЭО елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік декларация, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері әкету туралы міндеттеме); тіркеу құжатының телнұсқасын және (немесе) жаңа нөмірлік белгі алған к е з д е :

1) ө т і н і ш ;

2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру ү ш і н) ;

3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмелері;

4) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжат.

Ескертпе: *"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлға қызметін тоқтатқанға дейін жарамды болады;

2. Порталға жүгінген кезде мынадай құжаттарды ұсынады: машиналарды тіркеу кезінде:

1) ө т і н і ш ;

2) тізбеге енгізілген машиналарды бастапқы тіркеу кезінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерді орындағанын растайтын э л е к т р о н д ы қ к ұ ж а т т а р ;

3) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген баждар мен алымдардың төленгенін, ЭҮТШ арқылы төлем жағдайларын қоспағанда, растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

4) машинаға меншік құқығын растайтын құжаттар, оларға мыналар жатады: азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар; сот куәландырған сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының орындалуға жататын мемлекеттік органның іс-қимылдары туралы хабарламасының көшірмесі қоса берілген атқару парағы; кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттар (ЕАЭО елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік декларация, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері әкету туралы міндеттеме); 5) жаңа және жеке техникалық шығармашылық нәтижесі болып табылатын немесе Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген машиналарға арналған Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификаты немесе олардың техникалық регламенттің 6-бабына сәйкестігін растайтын басқа да қ ұ ж а т .

машиналарды қайта тіркеу кезінде:

меншік құқығы өзгерген, ортақ меншік пайда болған, тоқтатылған және машиналардың ортақ меншік иелерінің құрамы өзгерген, машина иеленушінің (меншік иесінің) тұрғылықты жері (заңды мекенжайы) өзгерген жағдайларда, машина иеленушінің (меншік иесінің) ерік білдіруі бойынша, машина тіркелген адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі өзгерген ж а ғ д а й л а р д а :

8 Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі

1) ө т і н і ш ;
2) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген баждар мен алымдардың төленгенін, ЭҮТШ арқылы төлем жағдайларын қоспағанда, растайтын құжаттың электрондық көшірмесі. Қайта жабдықтау немесе нөмірлік агрегаттарды ауыстыру, арнайы жабдық орнату және өзге де осыған ұқсас өзгерістер салдарынан машина типі өзгерген жағдайда:

1) ө т і н і ш ;
2) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген баждар мен алымдардың төленгенін, ЭҮТШ арқылы төлем жағдайларын қоспағанда, растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;
3) машинаға меншік құқығын растайтын құжаттар, оларға мыналар жатады: азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар; сот куәландырған сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының орындалуға жататын мемлекеттік органның іс-қимылдары туралы хабарламасының көшірмесі қоса берілген атқару парағы; кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттар (ЕАЭО елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік декларация, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері әкету туралы міндеттеме). машиналарды тіркеу есебінен алу кезінде (кәдеге жаратудан, жарамсыз деп танудан, есептен шығарудан, машинаны қызмет көрсетілетін аумақтан тыс жерге көшіруден басқа, сондай-ақ машинаны иеліктен шығару жөніндегі мәміленің алдындағы іс-қимылдар болған жағдайда):

1) ө т і н і ш ;
2) машинаға меншік құқығын растайтын құжаттар, оларға мыналар жатады: азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар; сот куәландырған сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының орындалуға жататын мемлекеттік органның іс-қимылдары туралы хабарламасының көшірмесі қоса берілген атқару парағы; кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттар (ЕАЭО елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік декларация, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері әкету туралы міндеттеме); тіркеу құжатының телнұсқасын және (немесе) жаңа нөмірлік белгі алу кезінде:

1) ө т і н і ш ;
2) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (ЭҮТШ арқылы төлем жағдайларын қоспағанда). Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, сондай-ақ ЭҮТШ арқылы төлеген жағдайда, машиналарды тіркеу үшін бюджетке алым мен баж төлеу туралы мәліметтерді тіркеу пунктінің (көрсетілген қызметті берушінің) жұмыскері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады. Көрсетілетін қызметті алушылардан тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді. Машинаны алғашқы тіркеу жағдайларында: көрсетілетін қызметті алушыларға машиналарды қарап-тексеру бойынша фотоматериалдар ұсынуға арналған өлшемшарттарға сәйкес тіркелетін машинаны (Қазақстан Республикасының аумағында машиналарды өндірушінің ресми дилерінен (өкілінен) сатып алынған машиналарды қоспағанда) қарап-тексеру

	<p>фотоматериалдары (тексерілетін машинаның зерттеу объектісін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін түрлері қамтылған) ұсынылады. Өкілдер тіркеу іс-қимылдарын меншік иесінің немесе иеленушінің атынан жүзеге асырған жағдайда, осы тармақта белгіленген құжаттардан басқа тіркеу пунктіне (көрсетілген қызметті берушіге) меншік иесінің немесе иеленушінің мүдделерін білдіру өкілеттігін куәландыратын құжаттар ұсынылады.</p> <p>Егер, бұрын Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуде болған машина мемлекеттік тіркеуге жататын болса, онда осы тармақта белгіленген құжаттардан басқа, тіркеу пунктіне (көрсетілген қызметті берушіге) бұрынғы тіркеу құжаты ұсынылады, алайда аталған құжатты ұсынбау мемлекеттік тіркеуді жүргізуден бас тарту үшін негіз болып табылмайды. Машиналарды тіркеуді қоса алғанда, тіркеу іс-қимылдарын жүзеге асырған жағдайда, меншік иелері болып табылмайтын адамдарға иелік ету құқығын растайтын мынадай құжаттар ұсынылады: шарт (жалдау, қосалқы жалдау, лизинг, қосалқы лизинг, кепілзат) және машинаны қабылдау-тапсыру актісі; меншік иесі қол қойған (жеке тұлғалар үшін), заңды тұлғаның бірінші басшысы қол қойған (заңды тұлғалар үшін) машина иесінің тиісті тіркеу іс-қимылдарын жасауға жазбаша келісімі.</p> <p>Егер, тіркеу іс-қимылдары жасалатын машина ортақ меншікте болса, онда тіркеу құжаттарында барлық меншік иелері көрсетіледі және барлық құжаттар машинаның барлық иелерінің атынан беріледі. Нотариат куәландырған мәміле жеке тұлғалардың ортақ меншігін иеліктен шығару үшін негіз болып табылады.</p> <p>Меншік иелері 14 жасқа жетпеген кәмелетке толмаған азаматтар болып табылған жағдайда, олардың атынан тіркеу іс-қимылдарын ата-аналары (асырап алушылары) немесе қорғаншылық және қамқоршылық органдары туу туралы куәлік ұсына отырып жасайды.</p> <p>Меншік иелері 14 жастан 18 жасқа дейінгі адамдар болып табылған жағдайда, тіркеу іс-қимылдары осы адамдар ата-аналарының (асырап алушыларының) немесе қорғаншылық және қамқоршылық органдарының жазбаша келісімімен туу туралы куәлік ұсына отырып жасайды.</p> <p>Заңды және жеке тұлғалар машиналарды аукциондар мен сауда биржалары арқылы сатып алған жағдайда: уәкілетті адамдардың қолдары қойылған аукцион хаттамалары мен сатып алу-сату шарттары ұсынылады.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p> <p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айрылған болуы.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтанбасы болған жағдайда, портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде</p>

көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы (1414), 8 800 080 7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар.
--	--

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-кұрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына 3-қосымша Нысан

Машиналарды тіркеудің электрондық тізілімі Электронный реестр регистрации машин

Реттік сан № № п/п	Машиналардың типі мен маркасы Тип и марка машин	Шыққан (жасалған) жылы Год выпуска (изготовления)	Машиналар туралы деректер Данные о машинах Зауыттық нөмірі Заводской номер
1	2	3	4

Меншік иесінің атауы немесе аты, әкесінің аты (бар болса), тегі. Мекенжайы, жұмыс орны – жеке тұлғалар үшін Наименование или фамилия, имя, отчество (при его наличии) собственника. Адрес, место работы – для физических лиц	Техникалық паспорт берілді Выдан технический паспорт	Күні Дата	Сериясы, нөмірі Серия, номер
5	6	7	

Нөмірлік белгі берілді Выдан номерной знак	Меншік иесінің, машина иесінің өзгерістері, тіркеуден алу, нөмірлік белгілерді тапсыру, техникалық паспортты немесе нөмірлік белгіні ауыстыру туралы Отметка об изменениях собственника, владельца машины, снятия с регистрации, сдаче номерных знаков, замене технического паспорта или номерного знака	Ескертпе Примечание
Күні Дата	Сериясы, нөмірі Серия, номер	

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына
4-қосымша
Нысан

(жеке тұлғалар үшін)

(кімге) _____

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы)

(кімнен) азамат _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

туған жылы _____

Мекенжайы _____

(тұрғылықты жерінің мекенжайы көрсетіледі)

төлқұжат (жеке куәлік) № _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Өтініш

_____ сұраймын.

Машинаның типі _____ маркасы _____

шығарылған жылы _____

зауыттық номері _____ қозғалтқыштың маркасы _____

нөмірлік белгісі _____, техникалық паспорт нөмірі _____

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса ұсынамын:

" " _____ 20 жыл _____

(қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Инженер-инспектордың қызметтік белгілері:

Машинаның тіркеу деректері өтініште көрсетілгендерге сәйкес келеді

" " _____ 20 жыл _____

(қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Берілгені: нөмірлік белгі _____

техникалық паспорт сериясы _____ № _____

" " _____ 20 жыл _____

(инженер-инспектордың қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-кұрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына
5-қосымша
Нысан
(заңды тұлғалар үшін)

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы)

Өтініш

Өтінішке қоса беріліп отырған мынадай құжаттардың негізінде:

1. _____
2. _____
3. _____

сұраймын.

Деректер:

Машинаның типі _____ Маркасы _____

Шығарылған жылы _____ Машинаның зауыттық нөмірі _____

Қозғалтқыш маркасы _____ Ресімдеу жүргізу

_____ сеніп тапсырылады

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Меншік иесінің (иеленушінің) қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы _____

Инженер-инспектордың белгісі: _____

Берілгені: нөмірлік белгі _____

техникалық паспорт сериясы _____ № _____

" " _____ 20 жыл _____

(инженер-инспектордың қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-кұрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына
6-қосымша

Машиналарды қарап-тексеру жөніндегі фотоматериалдарды ұсынуға арналған өлшемшарттар

Машиналарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру үшін жеке немесе заңды тұлғалар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органына тіркелетін машинаны қарап-тексеру фотоматериалдарының сканерленген көшірмелерін фототүсірілімнің мынадай үш түрін қоса бере отырып ұсынады.

1. Шолу түрі – қарап-тексерілетін машинаның жалпы түрлері бар, зерттеу объектісін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін фототүсірілімдер мынадай түсірілімдер қоса беріле отырып, орналастырылады:

- 1) алдыңғы бөлігі;
- 2) артқы бөлігі;
- 3) алдыңғы және бүкіл бүйір бөлігі;
- 4) артқы және бүкіл бүйір бөлігі.

2. Тораптық түрі – жекелеген, барынша маңызды бөліктерінің фототүсірілімдері мынадай түсірілімдер қоса беріле отырып орналастырылады:

1) спидометр, тахометр және жұмыс уақытын есептегіш (өздігінен жүретін машиналар үшін бар болса);

2) жетектің бір сымды/екі сымды тежегіш жүйесінің элементтері және (немесе) тежегіш құбыр жолдарының контурлары;

3) артқы көрініс айналары (өздігінен жүретін машиналар үшін);

4) алдыңғы габариттік оттар (өздігінен жүретін машиналар үшін);

5) артқы габариттік оттар мен тежеу сигналдары және артқы жүріс шамы;

6) бұрылыс көрсеткіштері;

7) артқы мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін (бұдан әрі – нөмірлік белгі) жарықтандыруға арналған бекіту орны мен айлабұйым;

8) алыс және жақын жарық шамы (өздігінен жүретін машиналар үшін);

9) артқы жарыққайтарғыштар.

3) Егжей-тегжейлі түрі – зауыттық тіркеу нөмірі бар машинаның нөмірлік агрегаттарын белгілеуге арналған фототүсірілімдер мыналардағы нөмірлік белгілердің түсірілімдері қоса беріле отырып орналастырылады:

а) қозғалтқыштағы;

б) шанақтағы;

в) шассидегі;

г) қаңқадағы.

Бұл ретте:

1) машинаның фототүсірілімі машинаның бөлшектерін, тораптарын және габариттерін сәйкестендіруді және толық бекітуді қамтамасыз ету.

2) фототүсірілім объектісі бүкіл кадрды алуы немесе кадр шекаралары бойынша барынша аз бос кеңістік қалдыра отырып, оның едәуір (85%-дан астам) бөлігін алу;

3) фототүсірілім кезінде фотоаппарат түсіру объектісінің орталық осіне немесе машинаның бөлшектері мен тораптарының биіктігіне орналастырылады, бұл ретте фотоаппараттың артқы қабырғасы объектінің суретке түсірілетін жазықтығына параллель болуы;

4) машиналардың фототүсірілімін күндізгі уақытта жүргізу ұсынылады, машина табиғи жарық көзімен (күнмен) біркелкі жарықтандырылуы тиіс - ағаштар, ғимараттар көлеңкесінде фототүсірілім жасауға жол берілмейді.

Жарық жеткіліксіз жағдайда фототүсірілім жасау кезінде фототүсірілім немесе қосымша жарық көздері пайдаланылады.

5) ұсынылатын фотоматериалдарда машина фототүсірілімінің жасалған күнін көрсету.

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық,

мелиорациялық және жол-
құрылыс машиналары мен
механизмдерін, жүріп өту
мүмкіндігі жоғары арнайы
машиналарды мемлекеттік
тіркеу қағидаларына
7-қосымша
Нысан

(көрсетілетін қызметті алушының атауы және мекенжайы)

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі
Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес,
көрсетілетін қызметті берушінің _____

_____ қызметкері

(көрсетілетін қызметті берушінің атауы мен мекенжайын көрсету)

Сіз машиналарды тіркеу шарттары туралы мәліметтерді, сондай-ақ өтініште осы
Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес көзделген мәліметтерді/құжаттар тізбесін толық
көрсетпеуіңізге/ұсынбауыңызға байланысты, атап айтқанда:

(мәліметтердің/жоқ құжаттардың атауы:)

1. _____;
2. _____;
3. _____

көрсетпеуіңізге/ұсынбауыңызға байланысты _____
_____ көрсетуден бас тартады.

(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету)

Осы бас тарту әрбір тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

(тіркеуші орган қызметкерінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі (қолы))

Алған _____

(көрсетілетін қызметті алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

" ____ " _____ 20__ жыл.

Тракторларды және олардың
базасында жасалған өздігінен
жүретін шассилер мен
механизмдерді, монтаждалған
арнаулы жабдығы бар
тіркемелерді коса алғанда,
олардың тіркемелерін, өздігінен
жүретін ауылшаруашылық,
мелиорациялық және жол-
құрылыс машиналары мен

механиздерін, жүріп өту
мүмкіндігі жоғары арнайы
машиналарды мемлекеттік
тіркеу қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Жергілікті атқарушы орган

Жергілікті
атқарушы
орган



[уәкілетті органның мемлекеттік
тілдегі атауы]

[уәкілетті
органның
орыс тіліндегі
атауы]


[Уәкілетті органның мемлекеттік
тілдегі деректемелері]

[уәкілетті
органның
орыс тіліндегі
деректемелері
]

[х а б а р л а м а
[хабарламаны беру күні

н ө м і р і] [Көрсетілетін
қызметті
алушының
атауы]
[Көрсетілетін
қызметті
алушының
деректемелері
]

Беру уақыты мен орны көрсетіле отырып, тіркеу құжатының (телнұсқасының) және(немесе) нөмірлік
белгінің дайын екендігі туралы хабарлама/
Уведомление о готовности регистрационного документа (дубликата) и (или) номерного знака, с указанием
в р е м е н и и м е с т а в ы д а ч и
[Хабарлама мәтіні/Текст уведомления]
[Жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы] [қол қоюшының аты, әкесінің аты (
б а р б о л с а) , т е г і]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтажалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына
9-қосымша

Техникалық паспорттар бланкілерінің сериясында және мемлекеттік нөмірлік белгілерде қолданылатын Қазақстан Республикасының облыстары мен қалаларының латын транскрипциясындағы әріптік белгілері тізбесі

P/c	Өңірдің атауы	Әріптік белгі
1	Нұр-Сұлтан қаласы	Z
2	Алматы қаласы	A
3	Ақмола облысы	C
4	Ақтөбе облысы	D
5	Алматы облысы	B
6	Атырау облысы	E
7	Батыс Қазақстан облысы	L
8	Жамбыл облысы	H
9	Қарағанды облысы	M
10	Қостанай облысы	P
11	Қызылорда облысы	N
12	Маңғыстау облысы	R
13	Түркістан облысы	X
14	Павлодар облысы	S
15	Солтүстік Қазақстан облысы	T

16	Шығыс Қазақстан облысы	F
17	Шымкент қаласы	Y
18	резерв	G, Q, W

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-кұрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу көрсету қағидаларына 10-қосымша Нысан

Нөмірлік белгілер мен техникалық паспорттардың келіп түсуін және берілуін есепке алу журналы Журнал учета поступления и выдачи номерных знаков и технических паспортов

К е л і п		т ү с у і	
Поступление			
Күні Дата	Қайдан келіп түсті, жүкқұжаттың немесе ілеспе хаттың нөмірі Откуда поступили № накладной или сопроводительного письма	Саны Количество	Сериясы мен нөмірлері Серия и Номера
1	2	3	4

Б е р і л у і						Ескертпе Примечание
Выдача						
Берілген күні Дата выдачи	Беру үшін негіз Основания для выдачи	Кімге берілді (инспекцияның атауы, алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) Кому выдано (наименование инспекции, фамилия, имя, отчество (при его наличии) получателя)	Саны Количество	Сериясы мен нөмірлері Серия и номера	Алғандығы туралы колхат Расписка в получении	
5	6	7	8	9	10	11